

Сабақтың тақырыбы

«Қазақстандағы цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері. Электрондық үкімет порталы»



Сабақтың мақсаты:

- ❖ *Қазақстандағы цифрландыру процесінің қазіргі тенденцияларына талдау жасау*
- ❖ *Электрондық үкімет порталының функцияларын сипаттау*

Ел экономикасын қайта құруға негіз болған және болашақтың цифрлық экономикаға көшуіне негіз қалаған негізгі құжаттар:

- ▶ **«Ақпараттық Қазақстан - 2020» ұлттық бағдарламасы (2013);**
- ▶ **«Ақпараттандыру туралы» Заң (2015-2019);**
- ▶ **«Қазақстанның кибер қалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасы (2017).**

**«Ақпараттық Қазақстан - 2020» ұлттық
бағдарламасы (2013)**

**Мемлекеттік басқаруды жетілдіруге,
«ашық және мобильді үкіметті»
құруға және елдің азаматтары үшін
ақпараттық инфрақұрылымның қол
жетімді болуына ықпал ететін
ақпараттық қоғамға өту үшін жағдай
жасау үшін негіз болды.**

Ақпараттандыру туралы заң (2015-2019)

- ▶ *Ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту және пайдалану кезінде пайда болатын ақпараттандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Ақпараттандыру саласындағы мақсаттарға жетуді шешуді талап ететін негізгі міндеттерге мыналар жатады*
- ▶ *- ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуы;*
- ▶ *- «электрондық үкіметті» және «электрондық әкімдікті» дамыту;*
- ▶ *- сандық сауаттылықты арттыру;*
- ▶ *- өндірістік процестерге қазіргі АКТ-ны дамыту және енгізу үшін жағдай жасау;*
- ▶ *- отандық АКТ саласын дамыту;*
- ▶ *- мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелер мен телекоммуникация желілерін қорғау, олардың бірыңғай ақпараттық кеңістікте өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету және т.б.*

«Киберщит Казахстана» (2017) киберқауіпсіздік тұжырымдамасы

- ▶ **Электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелер мен телекоммуникация желілерін қорғау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын айқындайды.**
- ▶ **Тұжырымдамада ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік стратегиясының негізгі ережелері, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары мен тәсілдері қамтылған.**

Қазақстан
Республикасының
электрондық үкіметі



Қазақстан Республикасы
электронды үкіметінің
жобалары



Электронды үкіметтің
қызықты статистикасы



eGov mobile мобильді
қосымшасы



Электрондық үкімет дегеніміз не және ол не үшін қажет?



Өзіңіз мінсіз деп білетін қоғамды елестетуге тырысыңыз. Мықты денсаулық, жақсы жұмыс, қамсыз тірлік, өмір сүруге қолайлы жағдайлар - бұл тізім ұзыннан-ұзақ жалғасуға бар және жеке басымдықтарға байланысты қажетті аспектілермен толықтырылуы да мүмкін. Әйтсе де, мұндай қоғамның ажырамас бөлшегі мемлекет болып табылады. Азаматтарының қамын ойлайтын мемлекет. Әрбір азаматтың әлеуетін мейлінше жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын мемлекет. Азаматтардың заңды құқығының қорғалуы мен сақталуына кепілдік беретін мемлекет. Азаматтардың мұқтаждығы мен қажеттіліктеріне бағдарланған мемлекет. Арадағы өзара әрекеттестік қарапайым, ұғынықты және қолжетімді болатын, **адамдар үшін құрылған** мемлекет.

Қазақстандағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуы кем дегенде соңғы екі пікірдің жүзеге асуына кепілдік бере алады. Дәл осы азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электрондық үкімет тұжырымдамасы әзірленді.

Электрондық үкімет құру ісі билік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қолжетімді ету үшін қажет болды. Бұрындары әрбір мемлекеттік орган өз бетінше «оқшау өмір сүріп», басқаларымен байланысқа түсе қоймайтын, ал азаматтардың алуан түрлі анықтама, растама секілді өзге де қағаздарды жинау үшін толып жатқан инстанциялардан өтуіне тура келетін. Осының барлығы бір ғана қызмет түрін пайдалану үшін толып жатқан мекемелер табалдырығын тоздыруға мәжбүрлейтін. Бүгінде электрондық үкімет жобаларының арқасында ол заман келмеске кетті.

Электрондық үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.

Басқаша айтқанда, электрондық үкімет деп лицензияны рәсімдеу үшін ЖСН ғана керек болатын (басқа ақпараттың бәрі дағдылы сұранымдар арқылы алынады), коммуналдық қызмет ақылары мен айыппұлдарды онлайн жүйесінде төлеуге болатын, анықтама алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа жеке куәлік қана талап етілетін, бизнесіңізді өз бетіңізше тіркеуге, немесе электрондық үкімет порталында небәрі 10-15 минут ішінде анықтама алуға, күн-түн демей, кез келген уақытта баланың балабақшаға кезегін көруге.

Мемлекеттік қызмет көрсету порталын қолданудың негізгі артықшылықтары

- ▶ **тәулік бойы қолжетімді (мемлекеттік қызмет ұсыну туралы өтінішті кез келген уақытта тапсыру, тәулік уақытына және мерекелік демалыс күндеріне қарамастан);**
- ▶ **· Интернет желісі арқылы қызметтерді сіз үшін ыңғайлы кез келген жерден және кез келген электронды құрал (компьютер, планшет, ұялы телефон) арқылы алу ;**
- ▶ **жазбаша растау күтуді қажет етпейді;**
- ▶ **· жұмыс уақытын және есеп беру құжаттарының бланкілеріне жұмсалатын қаржыны үнемдеу;**
- ▶ **· кезектердің болмауы;**
- ▶ **· жедел ақпараттандыру;**
- ▶ **· қолданушыларды қолдау желісі;**
- ▶ **· есептілікті жеткізуді растау;**
- ▶ **· жемқорлықты болдырмау, яғни өтініш беруші қызмет алу үшін тура ведомствоға жүгінбейді;**
- ▶ **· өтінішті өңдеу бойынша жұмыстың әр кезеңінде ақпараттандыру;**
- ▶ **· бланктерді толтыру кезінде қателерді болдырмау;**
- ▶ **· қызметті алудың белгіленген мерзімі.**

Рефлексия

- ▶ *Бүгін есіме түсті*
- ▶ *Бүгін мен түсіндім ...*
- ▶ *Мен түсінгеніме күмәнім бар*
- ▶ *Менің жақсы орындағаным ...*
- ▶ *Маған білімімді нығайту керек ...*